




Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастырушылық- басқарушылық әдістер

Жоспар:

- **1. Әлеуметтік жұмысты басқарудың мәні**
- **2. Басқарудың негізгі әдістеріне сипаттама**

- Басқару процесінде технологизацияның тиімділігі айқын көрініс табады. Басқару қатынастары өзара байланысқан және шиеленіскен экономикалық, техникалық, ұйымдастырушылық, саяси, идеологиялық, құқықтық, моральдық, әлеуметтік, психологиялық сипаттағы күрделі жүйені білдіреді. Әлеуметтік жұмыстағы әлеуметтік басқару тәжірибесінде олардың бөлінуі мүлдем мүмкін емес, себебі олар арқылы қарым-қатынастар қалыптасып, танылатын адамдармен тығыз байланыста. Әлеуметтік жұмыс тек бірігіп қызмет атқаруды ұйымдастырумен ғана айналыспайды, сонымен бірге экономикалық, саяси, құқықтық, психологиялық, технологиялық және индивидтің өмірімен байланысты басқа да міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік қызмет көрсету саласында басқару жүйелерінің әртүрлі ұстанымдары болады. Жеке алғанда, мемлекеттік басқару саласында жұмыс жасау үшін дайындықтан өткен басшы, әлеуметтік қызмет көрсету саласы үшін кәсіби дайындықтан өткен мамандарды толық алмастыра алады. Дегенмен, бұл жерде нақтылы дифференциацияны жоққа шығару дұрыс емес. Әлеуметтік жұмыс саласындағы басқарушы мамандары әлеуметтік-саяси сұрақтарды шешу, оның мазмұндық, этикалық аспектілеріне ене алу, қоғамдық құндылықтар және заңдарға сәйкес көрсетілетін қызметтің тиімділігін жоғарылату қабілетіне ие болуы керек

- XX ғасырдың басында Фридерик У. Тейлор, Франк Б. Гилберт, Генри Л. Ганнт, Х. Манстербург, Х. Эмерсон және т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері арқылы ғылыми менеджмент өркендей бастады. Басқару қатынастарының қалыптасуы және дамуы әлеуметтік технологияларды жетілдірумен қатар дамыды десек те болады.

- Әкімшілік басқару мен менеджмент қатынасына байланысты әртүрлі көзқарастар (терминологиялық және мазмұндық аспектісінде) қалыптасқан. Мысалы, американдық мамандар әкімшілік басқару мен менеджментті бір деп санайды. Батыста, керісінше, менеджмент негізгі ұғым сияқты қолданылады, ал әкімшілік басқару ұйымның ішкі есептеріне жатады. Ең алғашында «менеджмент» термині АҚШ-та қолданылып, «жылқыдан оза білу» мағынасына ие болған. Ол «to manage» етістігінен шыққан (басқару), ал ол өз кезегінде латын тілінен «manus» (қол) деген мағынаны береді. Демек, нақты аудармасы – «адамдарды басқару» дегенді білдіреді. Менеджер деп кәсіпкерлікпен және заңмен бірлескен дүниенің міндетіне сәйкес тұлғаларды атайды. Бүгінгі таңда, АҚШ-та «менеджмент» терминін, алда тұрған мақсатқа жету үшін фирманың материалды және адамдық ресурстарын тиімді пайдалану мен ықпалдастығын қамтамасыз ету процесі арқылы түсіндіреді. Мәні жағынан менеджмент бұл нарықтық қатынас жағдайында фирманы немесе персоналды басқару теориясы мен тәжірибесін білдіреді.

- Қазіргі уақытта Батыста «адамдық ресурстар» концепциясына баса назар аударуда, себебі оларды тиімді басқару және мақсатты бағытталған қаржыландыру арқылы еңбекке қабілеттілік жағдайына мүмкіндік жасалады.
- Компаниялар өздерінің қажеттіліктеріне сай білім беру бағдарламаларына қатысады, себебі ол болашақта өздерін білікті және техникалық дайындалған жұмыс күшімен қамтамсыз етеді

- Жалпы, Батыс әлеуметтанушыларының айтуы бойынша, менеджментті кәсібилендіру кәсіпкерлер үшін жоғары кірісті қамтамасыз ету болса, ал XX ғасыр бизнесіне кәсіби менеджмент келді және ол қоғам алдындағы белгілі-бір әлеуметтік жауапкершілік сипатына ие болды.
- Кәсіби менеджменттің дамуы менеджер іс-әрекетіндегі арнайы өзгерісіне алып келді. Яғни, менеджер бұл қызметке қарағанда кәсіби, басқарушылық, психологиялық, экономикалық және тұлғаның шығармашылық сапаларының жиынтығын талап ететін мамандық болып табылады.

- Қазіргі уақытта басқарушылық қызмет өзінің мәні жағынан технологиялы болып табылады, себебі ол өз қызметі жайлы басшылардың білуі тиіс белгілі-бір стандарттар мен заңдылықтардан тұрады. Алайда әлеуметтік салада жұмыс жасайтын басшы бірінші кезекте тұлғаның өмірлік қызығушылықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыру мен мәселелерін шешуге ықпал ететіндіктен оның арнайы білімі болуы қажет.

Жеке ұйымдастыру шеңберіндегі басқару келесі процестердің жиынтығын көрсетеді:

- әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен оны оперативті мақсат түрінде тұжырымдау;**
- бағдарламаларды дайындау және оның жүзеге асырылуын басқару;**
- материалдық және кадрлық ресурстарды қамтамасыз ету мен қаржыландыруды ұйымдастыру және т.б.**
- басқа ұйымдар арасындағы өзара іс-әрекетті қалыпқа келтіру, реттеу қызметін басқару;**
- кадрлардың жұмысын бақылау мен ұйымдастыру;**
- қоғаммен байланыс және өкілдік қызметті атқару;**
- ағарту, оқыту мен тәрбиелеу;**
- жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында инновациялар енгізу мен бағалау.**

- Әлеуметтік басқару теориясы танымның жалпы ғылыми, нақты ғылыми әдістерін, басқару объектілері мен субъектілері қызығушылықтарының өзара әрекеті туралы ақпаратты жалпыландыру мен талдау, жинау сияқты арнайы әдістерді қолданады. Бұл әдістер сауалнаманың, сұхбаттың, статистикалық мәліметтерді талдаудың, эксперттік бағалаудың арнайы тәсілдерін қамтиды және басқару қызметінің мазмұнын, басқару құрылымын, басқару топтарын және олардың іс-әрекеттерін зерттейді.

- Осыған байланысты басқарудың екі ұғымын бөліп көрсетуге болады: әдістемелік (мазмұндық) және процессуалды (технологиялық). Біріншісі, қоғам өміріндегі басқарудың орнын, оның мүмкіндіктері мен қоғамдық мүдделер сипатын білдіреді. Екіншісі, технологиялықпен, яғни қызметтер мен процедуралар жиынтығы түрінде сипатталады.

- Басқару- әлеуметтік құбылыс. Кез-келген қоғам адамдардың басқаруына мұқтаж және бұл қоғамның әдеттегі қалыптасуына жағдай жасайды. Қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңінде кооперация мен еңбек бөлінісінің пайда болуына байланысты қызметтің маңызды бөлігі- басқарушылық пайда болады.

**“Басқарудың әлеуметтік технологиясы” терминін
енгізу төмендегі үш мақсатты көздейді:**

**Басқару
процесінің
жеке
кезеңдерінің
жоғары
стандартиза
циясына қол
жеткізу**

**Басқару
қызметінің
мақсатты
кезектілігін
қолдану
мүмкіндігін
қамтамасыз
ету**

**Әлеуметтік
саладағы
тиімді
технологияла
рдың жаңа
түрлеріне
қол жеткізу**

Технологизация дегеніміз, ол- басқаруды технологиялық жетілдіру, ал қоғамдық процестерді басқару, бұл-субъектінің саналы және мақсатты бағытталған ықпалы болып табылады. Бұл “ең тиімді және арзан тәсілмен жасай білу шеберлігін нақты білуді” сипаттайды.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі-басқаруды ұйымдастыру жүйесін жетілдіру, экономикалық дағдарыстың аз уақыт аралығында алдын алу, яғни адамдардың өмір сапасын және психологиялық тұрақтылығын жақсарту қажеттілігімен негізделеді.

Басқарудың негізгі әдістеріне сипаттама

Басқару технологиясыз жүзеге асырылмайды. Әлеуметтік іс-әрекеттегі басқаруды ұйымдастыру тиімді нәтижеге қол жеткізу мақсатын көздеу барысында жүргізіледі. Ал бұл қажетті технологияларсыз жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Басқару жүйесі келесілерді сипаттайды:

**Басқару
механизмін-
мақсатты
құралдарды,
әдістерді,
қызметтерді,
принциптерді**

**Басқару
құрылымын-
мамандард
ы, басқару
техникасын,
ұйымдастыр
ушылық-
штабтық
құрылымын**

**Басқару
процесін-
басқару
органдары,
технологиясы,
басқару
органдарыны
ң
материалдық
бөлімін**

**Басқару жүйесінің
тиімділігін-
ғылымның
жетістіктерін
басқаруға енгізу,
мамандарды
толықтыру, басқар
удың
шаруашылық
жүйесін жетілдіру**

Басқару жүйесінде бірнеше критерийлер бойынша бөлінетін әкімшілік ықпал ету әдістері қолданылады. Нақты басқаруда әкімшілік ықпал ету тәсілдерін үлкен үш топқа бөлуге болады:

- **1. Регламенттеуші әдіс-** бұл ықпал етудің қатаң түрі. Оның көмегімен ұйымның белгілі бір жүйесі, міндеттері анықталады, басқару құрылымының жауапкершілігі мен құқықтары, нақты ережелері қалыптастырылады, басшылар мен бағыныштылардың мінез-құлық шекаралары анықталады. Бұл топқа регламенттеу, ориентация, ұйымдастырушылық әдістері, инструментарий және т.б. жатады.
- **2. Басқарылатын (әкімшілік) әдістер-** басқарудың міндеттерін анықтау мен коррекциялау жүйесі үшін қолданылады және ұйымды жетілдіру мен нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл әдістерді қолданудың екі түрін бөлуге болады: жазбаша-құжаттық және ауызша. Әкімшілік ықпал етудің мұндай түрлері жарлықтар мен қаулы тек қана жазбаша-құжаттық ретінде, ал бұйрықтар, ұйғарымдар мен тапсырмалар екі түрде де рәсімделеді.
- **3. Дисциплинарлы әдістер.** Әлеуметтік жұмыста көптеген мәселелерді шешуде белгілі бір тәртіп пен ережелерсіз адамдарға ықпал ету мүмкін емес. Яғни, тек еңбектік тәртіпті сақтау ғана емес, сонымен бірге клиенттер, ұжым және топтар алдында да тұлғалық және кәсіби жауапкершілікті қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік басқару субъекті мен объекті арасындағы өзара іс-әрекетті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты және олардың біріккен іс-әрекеттеріндегі басқарушылық процестерді ұйымдастыру тәсілі арқылы сипатталады.

Әлеуметтік басқарудың маңызды қызметтерінің бірі-жоспарлау. Ол принциптер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл принциптер қатарына негізделгендік, жалпы мемлекеттік, ұжымдық және тұлғалық қызығушылықтар, бірлігінің көрінуі, жоспарлау тиімділігі, олардың тепе-теңдігі, жоспарлау бірлігі және кешенділігі т.б. кіреді.

Жоспарлау төмендегі аталғандарды назарға алуды ұсынады:

- қызметтің мақсаттарын анықтауды;
- қойылған мақсаттарды жүзеге асыру құралдарын таңдауды;
- қажеттікті ресурстармен қамтамасыз етуді;
- әлеуметтік көмекті ұйымдастыру түрін анықтауды;
- қойылған мақсатқа жету бағдарламасын құруды;
- бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесін ғылыми тұрғыда алдын-ала болжауды;
- бағдарлама жүзеге асырылғаннан кейін жаңа мақсаттар мен міндеттерді қояды.

- Жоспарлау бұл басқарудың қызметі ретінде күрделі құрылымға ие және тәжірибеде келесі қосымша қызметтер арқылы жүзеге асырылады: олар — жобалау, үлгілеу және бағдарламалау.
- **Жобалау**-болашақты ғылыми болжау және клиенттің ақырғы жағдайын анықтау.
- **Үлгілеу**- барлық жоспарланған кезеңдегі объектінің даму жағдайы мен әртүрлі ситуациялардың мінсіз өңделуін дайындау.
- **Бағдарламалау**- жаңа жағдайға жүйелі өту кезеңдерін айқындау. Бұған жүйенің жұмыс жасау алгоритмінің өңдеуі кіреді, яғни қажетті ресурстарды анықтау, әлеуметтік мекемелер қызметтерінің әдістері мен құралдарын таңдау.
- **Жоспарлау**- жоспардың мазмұнын оны орындаушыларға жеткізумен аяқталады.

- Әлеуметтік басқару процесінің кез-келген деңгейінде функционалдық мақсаттар мен міндеттерге жетуін тежейтін қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан да әлеуметтік қызметкер орын алған ситуацияны өзгерту үшін белгілі бір шаралар қолдануы қажет. Алға қойған мақсатқа жетуге септігін тигізетін келесі міндеттерді бөліп көрсетуге болады:

1. Рөлдерді бөлу;
2. Қарым-қатынас және байланысты орнату;
3. Тұлғааралық қатынасты қалыптастыру;
4. Қақтығысты қайшылықтарды кезең-кезеңмен шешу;
5. Мақсатты нақтылау

- Ұйымдастырушы қызметінің басты кезеңдерінің жоспары негізінде қарастырылатын ерекше топты мынадай процедуралық әдістер құрайды: мақсатты жобалау; міндеттерді қою; шешім (шешім қабылдау және дайындық әдістері); ұйымдастырушылық-орындаушылық қызмет; мамандармен қамтамасыз ету; басқарушылық (әкімшілік әдістер); бақылау (орындауды бақылау әдісі).

- Жоғарыда аталған міндеттерді орындай отырып, әлеуметтік қызмет саласындағы маман келесі рөлдерді атқарады:
- **-біріншіден**, белгілі бір адамдар ұжымын басқарушы;
- **-екіншіден**, жағымды әсер қалдыру нәтижесінде, жоғары кәсібилігін, беделін пайдалана отырып, қзінің артынан бағыныштыларды алып жүретін көшбасшы;
- **-үшіншіден**, ішкі және сыртқы қақтығыстарды нәтижелі шеше алатын, билік пен серіктестер арасында байланыс орнатушы дипломат;
- **-төртіншіден**, қазіргі жағдайдағы ғылымның рөлін түсініп, тез арада бағалап, оны өндіріске енгізе алатын немесе рационализаторлық ұсынысын білдіруші инноватор;
- **-бесіншіден**, жоғары білімі мен тәжірибесі, мәдениет деңгейі бар, адалдық қасиетіне ие және шешім қабылдай білетін қарапайым адам.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары: Оқу құралы. Қазақ университеті, Алматы 2018ж.
- 2. Жиенбекова А.А., Дарибаева Р.Д., Төлегенова К.К. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары.- А., 2014ж.
- 3. Костина Е.Ю. История социальной работы: Учебное пособие. - Владивосток: ТИДОТ ДВГУ, 2013г.